

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіспіз. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға алып келеді. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды».

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан

қолдау тапқан кешегі Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек.

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен

тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз ашық болуы керек.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз

беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Қазіргі уақытта Елбасының жолдауын іске асырылып жатқан іс-шаралар атқарылып жатыр, қоғам мен білімнің дамуы, экономикалық өркендеу, тұрмыс сапасы, ұлттық қауіпсіздік білім берумен, ғылым ілгерлеуімен, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің тәжірибелік қолдану тиімділігімен анықталады.

Кез-келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді.

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүгіндей

мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек.

**ТОҚТАБЕК А., ОТУНШИЕВА А.  
М. Әуезов атындағы ОҚУ,  
«Стандарттау және  
сертификаттау» кафедрасының  
магистр, аға оқытушылары.**